

## БӨЛІМ: ҰСТАЗ ОЙЫ

## Тұлғаның қалыптасуындағы психологияның рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.07.2020СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/78182/

Тұлғаның қалыптасуындағы психологияның рөлі.

Адам факторының қалыптасуында ықпал етуші байланыс, биологиялық өсу мен саналық өсу ықпалында. Кез-келген тұлға қалыптауында -мақсат-мүделері тұлғаның әлеуметтік сипаттамасы. Тұлға болып қалыптасу үшін, психикалық дамудың белгілі бір дәредесіне өтіп, басқа адамдарға қарағанда ерекшеліктерінің бар екендігін, тұтастығын түсінуіне болады. Әр дамушы тұлғаның даму ұғымыағзаның өсуі мен стихиялы әсері байқалады. Әр өсіп келе жатқан адамнан психикалық дамуы да сырт көзге көрініп тұрады. Әсіресе балалық және жасөспірімдік кезеңдерде-қоршаған ортасы, ата-анасы, достары мен ұстаздары даму деңгейін тез ұғады. Арнайы заңдылыққа бағынатын ағза, дәл сол мезгілдегі өсу деңгейін дәлелдеп көрсетіп, айқындайды. Қоғамдағы педогогика, психология, философия ғылымдары тұлға дамуын жан-жақты зерттеп дәлелдеп қойғандығы сияқты, адам сол жас ерекшелігіне тиісті ішкі жағдайда өмірін жалғастыра береді. Адам материалдық және рухани қамтамассыздық ортасында өмір сүруші болғандықтан, сол адамның жеке басына ғана тән денсаулығы, ақыл-ойы мен ақыл-парасаттылығы, ой-пікірімен дараланады. Әр психикасы дамыған тұлғаның ұадылдау физиологиясы да өзіне тән білінеді. Мысалы апаттық жағдайдағы қобалжу, түрлі нәрселерден фобия, немесе өнер білімге икемділігі. Сондықтан әр адамға жеке тұлға деп қараймыз. Жеке тұлғаға арналған қасиеттер сана-сезімімен өлшенеді. Адамдық қарым-қатынасты бір-бірін қадағалау мен бағалау үнемі орын алынуы тиіс. Бұл құбылыс өзара байланысты нығайтады. Ішкі эмоциясын басқара алатын тұлғаны психологтар өте жоғары бағалайды. Ол дамыған тұлға ретінде саналады. Бұл үдерістің бәрі дамыған психологиялық үдеріс болып табылады.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.